

Бастауыш, орта, жоғары кәсіптік білім оқу орындарының түлектері - жастар үшін қосымша әлеуметтік қорғау шараларын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 25 мамырдағы N 123/5 қаулысы. Павлодар облысы Май ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 11 маусымда N 12-10-84 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 23 маусымдағы N 198/6 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 23.06.2014 N 198/6 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 120 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 13, 14 тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Заңының 5 бабының 2, 11 тармақтарына сәйкес және халықты жұмыспен қамтамасыз ету шараларын кеңейту мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бастауыш, орта, жоғары кәсіптік білім оқу орындарының түлектері - жастар үшін қосымша әлеуметтік қорғау шарасы болып – Жастар тәжірибесіне жұмысқа орналастыру болып табылады.

2. "Май ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - Өкілетті орган), еңбек нарығында қалыптасқан жағдайды ескере отырып, бастауыш, орта, жоғары кәсіптік білімі оқу орындарының (әр қарай - Кәсіптік оқу орындары) жұмыссыз түлектерін Жастар тәжірибесіне жолдау үшін олардың санын және жұмыссыз жастар құрамын а н ы қ т а с ы н .

3. Өкілетті органға Жастар тәжірибесі ауданының кәсіпорындарында, мекемелерінде және ұйымдарында (әрі қарай - Жұмыс беруші) меншік нысаналарына қарамастан ұйымдастырылады және өткізіледі. Өкілетті орган Жұмыс берушімен келісім-шарт негізінде өзара іс - қимыл жасайды. Келісім-шарт жұмыс берушінің жұмысқа қабылданатын жұмыссыздардың санын, кәсіптер (мамандықтар) тізбесін, қажет болған жағдайда қосымша кәсіби даярлықты, Жастар тәжірибесіне қатысушыларды кәсіптеріне сәйкес кәсіби біліммен, шеберлік пен және дағдылармен қамтамасыз ету міндетемелерін

қ а р а с т ы р а д ы .

Жастар тәжірибесі аясында, Кәсіптік оқу орындарының жұмыссыз түлектеріне уақытша жұмыс орындарын ұсынуға тілек білдірген Жұмыс беруші Өкілетті органмен тиісті келісім-шарт жасасады.

4. Оқыған мамандықтары бойынша жұмыс тәжірибесі жоқ Кәсіптік оқу орындарының түлектері, оқу орнын аяқтағаннан кейін, Жастар тәжірибесіне қ а т ы с у ғ а қ ұ қ ы л ы .

5. Жастар тәжірибесін өткізу жөніндегі шараларды қаржыландыру жергілікті бюджет және республикалық бюджеттен бөлінген мақсатты трансферттер е с е б і н е н жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Жастар тәжірибесіне қатысушылардың еңбекақысын Өкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасымен ағымдағы жылға белгіленген ең төменгі еңбекақының бірден бір жарым мөлшеріне дейін нақты жұмыс істеген у а қ ы т ы ү ш і н т ө л е й д і .

Жастар тәжірибесіне қатысушылардың еңбекақысы "Казпошта" АҚ аудандық бөлімі арқылы жеке тұлғалардың шоттарына аударылады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 24 шілдедегі N 148/7 қаулысымен.

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін 10 күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е. Айтқұловқа жүктелсін.

Аудан әкімі

Е. Әйткенов